

\* \* \*

It has been believed that stable foundation of society had been from the ability to reason of human beings. However, the identity of individuals in modern society is

being fragmented. In the late 20th century the emergence of postmodernistic identity is shaking the framework of modern society.

*Ж. Сүлейменова*

## ИСЛАМҒА ДЕЙІНГІ ТҮРКІЛЕРДІҢ ӘСКЕРИ МӘДЕНИЕТІ

ҚР Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Түркілерде әскери өнердің дәрежесі бәрінен де жоғары болды. Қатардағы кез-келген көшпелі тек бақташы-малшы ғана емес, ержүрек жауынгер де еді. Олардың бәрі де ат құлағында ойнайтын шабандоз, алыс сапарларға салт атпен жүруге төзімді, ер қаруы – бес қаруды шебер меңгерген, ат үстінде ұрыс жүргізудің тәсілдеріне жетік тамаша жауынгерлер бола білді», – деп атап көрсеткен [1]. Қазақстан түркі өркениетінің бесігі болып табылатындықтан, мақтаныш етуге тұрарлық мұрамыз бар екені баршамызға белгілі. Бүгінгі мақаланың түп негізінде көне түркілердің жауынгерлік әскери қару-жарақтары, әскери атақ-атаулары, соғысу мәдениеті суреттеледі.

Соғыс құрал саймандар жағынан көне түрік әскері басқа ұлттардан ерекшеленген. Әсіресе атты әскердің қолданған құрал саймандары әскердің маңызды қазығы еді. Түріктердің атты баптап-өсіруі, соғыс тәсіліне үйретуі, соғыс мамандарына қолдануы әскери тактиканың бастапқы нышаны болды. Расында да түрік аттары ірі емес, қыл түкті араб аттары сияқты және сұлу еместігі сипатталады. Бірақ, түркі аттарының өте шапшаң, жылдам, ұзаққа шабатындығы оның басты ерекшеліктерінің бірі. Көне түркілер барлық жұмыстарын атпен бітіретін болған, кез-келген қызмет түрінде тек аттарды қолданған. Бұл турасында Махмұд Қашғари: «Құсқа қанат қаншалықты қажет болса, көне түркілерге аттың қажеттілігі де сол шамада», – деп атап көрсетті. Сол себептен әр түріктің шатырының алдында бір ат дайын тұратын болған. Атты алғаш бағындырған және соғыс майдандарында қолданған көне түркілер еді. Көрші мемлекеттерге әсіресе Қытайларға атты әскер техникасы түріктерден алынған. Б.з.д 307 жылында қытайлар, Ғұндардағы сияқты жеңіл атты әскер бөлімшелерін құрады [2]. Көне түркілер қоймен бірге атты асырап бағуды басымдықты жоспарға қоятын. Б.з.б 2500 жылы болған тарихи оңтүстік сібірдегі Афанасьев мәдениетінде ат және қой сүйектері бірге

табылған [3]. Ат атаулары кәдімгі түріктерде «Юнд», «Гогут» сияқты атауларымен берілген. Осы атаулар арасында бүгінгі күнімізге дейін көп қолданылатын атау «ат» делінеді. Атты құлын, тай, үш жасынан кейін ұрғашысына «қысырак», еркегіне «ат» немесе «айғыр» деп атаған. Ат міну үшін айғыр үйірге қосылатын. Көне түркілер аттары шыдамды болу үшін жаратып, бағатын болған. Деректерде түріктердің далалық жазықтарда жылқылардың тола болғандығы жазылады. Араб саяхатшысы Ибн Фазлан: «921-922 жылдары көшпенді түріктер аттарының саны 15000 барады», – деп сипаттаған. Мінетін және соғыс кезінде атты әскер ретінде қолданатын аттарды бірдей баптаған. Ат көне түркі экономикасында құнды экспорт тауары ретінде бағаланды. Аттар түстеріне қарап іріктелді. Махмұд Қашғаридің «Диуани луғат ат-түрік» еңбегінде көне түркі аттарының түсімен ажыратылған 15 түрі сипатталған. Орта Азия даласында ең ескі замандардан бері көне түркілердің екі түрлі аты белгілі. Бірінші түрі «Таки», екінші түрі «Тарпан» атымен аталған. Селжұқтардың орта шығысқа келгеннен кейін бұл аттар түрікмен аттарына айналған [4]. Түркі атының ең белгілі ерекшелігі: орта бойлы 140 см, аяғы жіңішке, адымы өз-өзіне сенімді, құлақтары кішкентай, кең маңдайлы, көзі ашық, жалыны ұзын, желесі тығыз, төсі-жаясы және артқы аяқтары өте күшті болатын. Аттың шабысы жақсы, түрегеп тұрып тынығып дем алады, суық-ыстыққа, жаңбыр-қарға, желге өте шыдамды. Мінетін және соғысқа мінетін аттарға бір жасына келгенде таңдау жасалатын. Хайуандарды өте жақсы танитын көне түркілер аттардан мына ерекшеліктерді іздейтін. Мысалы, осы тайлардың мінез құлықтары, үйірден бөлек отталуы (шөп жеуі), үйір бір жерден бір жерге жүргенде, үйірдің басында, оң және сол жақтарында жүруі кезінде басын жоғары ұстауы міндетті еді. Көне түркілер соғыс қимылдарына жарамды аттарды семіз, денсаулығы мықты, аяқ шабысы тез аттарды таңдап алып, жарататын. Ат 3 жасынан 5 жасына дейін қатаң сыннан өтуі керек еді.

Түркі аттарының ең жақсы жейтін тағамы арпа болған. Сондықтан көне түркілер көп арпа егетін. Арпаның данасы сүттен бастағанда егінді ерте күн шықпай орып, көлеңке жерде сақтайтын болған. Аттардың одан басқа жемі ретінде таза шөп немесе жоңышқа шөбін атауға болады. Қыс айларында кебек пен сабан араластырып беретін ат тағамын «ашбар» дейтін. Ат өзіне мінген кісіге ерекше қимылдау қабылетін беретін. Түріктердің ұлы дәулет құрып, кең далаға және басқа ұлттарға ықпал етулері, оларды отарлауы мүмкін болған. Көне түріктерге дәулетінде ат үстінде құрылып, ат үстінде басқарылатын. Еуропа Ғұндары туралы Византияның жазба деректерінде таңқаларлық суреттемелер бар. Атап айтқанда, көне түркілер аттарына жабысып қалған сияқты көрінетін. Ат үстінде сауда саттық жасайтын. Аттың үстінде тамақтанатын. Аттың мойнын құшақтап ұйықтайтын және сондай жақсы түс көретін. Аттың үстінде ақылдасатын да, тиімді қарарлар қабылдап, шешімдер шығаратын. Балалар кішкене кезінен бастап атқа мінуді үйренетін. 3-4 жасындағы балаларға ер тұрман жасалатын. Әсіресе анасының бауырынан шығатын жасқа келген кезде ер балаларға екі аяғы ат үстінде тұра білетін көне түркі баласына жанында ер тоқымы, ал есік алдында аты тұратын. Көне түріктерде ер тұрман зергерлік бұйымдармен әсемделіп жасалатын. Мұрындығы, ері, үзенгісі аттың тізгінін ұстағанда, оны басқару мақсатында және онды-солды жүргізу үшін қолданылды. Тізгін тек қана аттарға тағылмайтын. Көне түріктерде ауыздық ағаштан жасалатын, аттың жағы ағаштан зергерлі фигурамен әшекейленген. Аттың мұрнын және маңдай бөлімшесінің біріккен түймесі ауыздықта бір-біріне тұтасып байланатын. Содан соң ғана аттың басына кигізілетін. Ат ер тұрманының ең ерекше бөлігі ер еді. Ердің үсті ойық болып, алды артындағы бөлімшелер жастық сияқты шығыңқы болатын. Жалпы аттың ері мінген кісіні рахатқа бөлеп, оның ауып кетпеуін камтамасыз етіп, тең отыру үшін жасалған ат әбзелі болып табылады. Ер аттың дәл арқасына, жабудың үстіне қойылатын болған. Астындағы жабу «терілік және өртүк», ал үстіндегі жабу «белдеме» деп аталды. Терілік киізден жасалса, белдеме кілемнен жасалатын. Аттың екі жанында сырыммен байланған үзенді бар еді. Атқа мінетін адам аяғын үзенгіге қоятын болған. Үзенгі тепе-теңдікті сақтау үшін Қолан, Оргүн, Кушкун, Күдургун және Көмүлдірік секілді басқа да ұсақ-түйек ат әбзелдері қолданылатын болған. Қолан деген жүннен өрілген бір сайман. Бұл белдік қарнының астынан құшақ, құйысқан құйрығының астынан өткен қайыс. Өмілдірік аттың төсінде бірлескен үш қайыс болып, осы

қайыстардың екі ұшы ерге, бір ұшы қоланға байланады. Құйысқанға торсық және тамақ қоржыны ілінеді. Қолан және құйысқан атқа мінген кісінің құламауын камтамасыз етеді. Ер тұрман көбіне теріден және ағаш бұйымдардан жасалған. Ер тұрман әр түрлі болатын. Билердің ер тұрманы ерекше жасалатын. Мысалы, атақты көне түркілердің билеушісі Тонькөктің қабырында алтыннан жасалған ер тұрман табылған. Көне түркілер қаруланғанды Толым дейтін, және оларды толымданған делінетін. Көне түркі әскерлері жорыққа және соғыста қаруларын және тамақтарын жанында таситын. Басқа ұлттар әскерлерінің қаруларын, тамақтарын тасу үшін мындаған ат арба немесе есек арба қолданатын. Ет тағамы ретінде малдарын да айдап жүретін. Көне түркілер соғысқа келтірілген ет алып жүретін болған. Қытайлар және еуропалық қауымдар ет сақтау тәсілін түріктерден үйренген [5]. Түркілер ат үстінде шауып бара жатып садақ атудан мерген атанған. Еуропа ғұндарының замандасы Римдіктер ғұндардың жақсы садақ қолдануы және жақсы атқа мінген артықшылықтарын жоғары бағалаған. Көне түркілер дәуірінде түркілердей атты түсінетін және аттың құлағында ойнайтын басқа ұлттар болмаған. Римдер көне түркілердің аттарын суреттегенде, аттары шыдамды болғандығын көрсеткен. Бұл аттар адам баласы сенбейтіндей күшке ие кең даланың аттары еді. Бұл аттар қыста қардың астынан шөп отайтын. Көне түркілер үйір-үйір жылқыларды қолданған. Аттың бірі шаршағанда, басқасына мініп кете беретін болған. Көне түркі қорғандарында әр түрлі қару табылған, атап айтқанда, ұзақтан соғысатын садақ оғы, «темірен», ағаш, шыбық, желек оқ түгі, т.б. атап өтуге болады. Ең көне түркілерде оқтың темірені сүйектен жасалатын. Кейінірек оқтың сүйектен жасалған бөлігі темірден жасалатын болды. Осыған орай оқтың ұшы темірден жасалғандықтан «темірен» деген атау берілді. Оқтың ұшын «башақты» деп атаған. Ең көп қолданылатын темірден үш тілімді еді. Айрықша тұзу бұралған винтті немесе шеңгелді басы қайырылған оқ, темірдендер де бар болды. Бұлардың ең қауіптісі шеңгелді немесе түймелі темірдендер еді. Атылған шеңгелді оқ адамды өлтірмесе де жаралы қалғанда оқты шығару кезінде шеңгелді темірмен жараланған адамның денсаулығына зор қауіп төнетін болған. Түркілерде кеспе (енді) темірден, ясич (жалпак), ұзын атаулы темірдендер бар еді. Жаттығу үшін жасалған темірден оқтарды «Кавла» деп атаған [6]. Кейбір темірдендердің үстіңгі ортасында біріккен тесіктер болатын. Нысанаға барарда ысқыратын оқтар жасалған. Аталмыш оқтарды Осман империясы да қолданатын болған. Бұларды Осман армиясында «Шауыш» оқтары деп атаған. Осы оқтар белгі беру немесе нысана көрсету үшін

қолданылған. Ысқыратын оқты алғаш ойлап тапқан адам ұлы ғұн империясының патшасы Мөде болатын (б.з.д 209 174жж) [7].

Оқтың ағаш шыбығы жалпы ХҰШ (қоғұш) ағашынан жасалатын. Ағаш шыбығының артында Желдік қадалады. Бұл желдіктің мақсаты оқтың нысанаға дәл баруы үшін және ұшу кезінде ауа таразысы бұзылмау үшін жасалатын. Бұл оқтың түрі Юклюг оқ деп аталатын. Оқтар, садақтар, оқтық, құрғұлқ кіші құрығлық сияқты атаулармен аталатын. Бұлар дорбаларда тасылатын. Жалпы қауақ ағашынан жасалатын садақ аттың қанжығасына немесе жауынгердің иығына немесе белбауына асылатын. Оқпенен кергіш бір бүтін болатын. Гоби шөлінде жасалған қазба жұмыстарында бір оқтың құтысында 30-32 оқ табылған және ғұн дәуіріндегі оқтардың ұштарының бойы 3,5,6,7,9 см аралығында болатын. Бірақ, орташасы 5,6 см болатын. Оқты нысанаға ататын садақ «кергіші» қатты ағаш болып есептелетін қайыңнан жасалатын. Кергіш екі бөліктен тұрады. Біріншісі – мүйізден жасалған иікше бөлімі, екіншісі – сиырдың аяқ сіңірінен жасалатын немесе малдың ішегінен жасалатын. Иік ағаштың екі басына байланып, жасалатын. Иік ағаш үстіне теріні тіліп сырыммен қаптайтын. Ағаштың шірімеуі маймен сырланатын [8]. Оқ шыбығының дәл артқы ортасында кез аты берілген бір сызық тасталған. Кез арқылы кергішке орналастырылған оқ бір қолымен садақты бір қолымен оқты ұстап ататын. Осы оқтардың өлтіру күші өте жоғары еді. Бұл оқтың ату қашықтығы 660 684 метр ұзақтықты қамтыды [9]. Жоғарыда сипатталған соғыс қаруларына Шығыс Европалықтар таңдана қарап, сиқырлы қару деген атау берген. Ғұндар кергішті мықтау үшін қолданылған кейбір сүйек бөлімшелер Волга, Днепр, Керчь бөлігінде табылған. Садақтардың ұзындық өлшемі 160 см, 140 150 см болғанын пайымдаймын. Авар ұлтының 120-130 см болғаны белгіленген. Бірақ қазылған қорғандарда одан кіші оқтар кездестіріледі. Кавказдардан орта еуропаға дейін бірінші және бес жүзінші жылдар аралығында оқ шығу түп тамыры Моңғолстан, Байкал төңірегінен табылған. Кергішті иыққа іліп, алып жүретін болған. Оқ пен садақ түркі жауынгерінің қолының жететін жерінде болған. Көне түрік қорғандарында қылыш, қаңжар, қарғы, сұңгык, пышақ, қамшы және арқан сияқты соғыс қарулары табылған. Бұлардың арасында түркі жауынгерінің ең көп қолданылған қаруы қылыш болатын. Түркі қылыштарының қынына жақын бөлімшесі майда, ұшына жақын жері иімді. Бұл иім қарапайым жасалған иім емес, жауынгердің ұрған кезінде барлық күші сол жерге жиналатын. Сол себептен түрік қылышы

қатты болатын [10]. Жалпы, көне түркі жауынгерлерінің қылыштарында көк бөрінің басы әшекейленіп, оюмен көркемделетін болған. Қылышты жауынгер белбеуіне ілетін болған. Қылышты қынынан шығару оңай болу үшін қылыштың қыны сол жаққа байланатын [11]. Көне түркілердің өмірінде, күнделікті тіршілікте және соғыс кезінде қолданылатын қарудың бір түрі – пышақ. Пышақтың ішіндегі ең атақтысы, екі жағы кесетін КҮНҒЫРАҚ атты пышақ [12]. Түркі жауынгерлердің түрлі қорғаныс қарулары болған. Атап айтқанда қалқан, сауыт, дулығаларды атап өтуге болады. Қалқан көп жағдайда темірден жасалатын болған, кей кездері ағаштан да жасалған. Темірден жасалған қалқан түрлі соққыларға шыдамды болатын [13]. Дулыға – темір тектес материалдан жасалатын болған. Түркілер екі түрлі сауыт киетін. Бұлардың бірі көбе сауыт, екіншісі сай сауыт атымен аталатын. Көбе сауыт бүкіл денені жауып тұса, сай сауыт тек қана темір төстік ретінде қолданылды.

Жауынгерлік рух күнделікті әскери дайындықта шыңдалатын болған. Сондықтан, көне түркілер әскери жаттығуларға көп көңіл бөлетін болған. Әскери жаттығу кезіндегі негізгі тәртіп былай сипатталған:

1. Әр берілген әмірді бұлжытпай орындау, мойынсұну, қолбасшыға бас ию. Қолбасшының әмірін тындау және оны бұлжытпай орындау.

2. Тез және нақты шешімдер қабылдау. Әскери жорықтарда әскери лауазымы бар жауынгерлерге нақты құқық берілетін болған. Стратегиялық және тактикалық маңызды шешімдер қабылдай алу түркі жауынгерлерінің басты құндылығы.

3. Нысанаға дәл тигізу. Қарсыласқан екі күштің бір-біріне үстемдік етуі жауынгерлердің мергендігіне де байланысты. Жаттығу кезеңінде мергендік жауынгерлерді үйретудің бір тәсілі болды.

Түркілерде әскери жаттығу бала жастан басталатын. Мысалы, ананың көмегімен жүре бастаған түркі балалары қойлардың үстіне мініп және де алдымен тышқандарға, сосын құстарға, одан кейін түлкі-қоянға оқ атып ойнайтын болған. Осы ойындар әскери мәдениетке баулу-дың алғашқы нышаны болды. Өсе келе ер баланы атқа отырғызу ілімдері үйретілді. Түркі жауынгерлері атқа мінуді, садақ атуды балалық шағынан бастап меңгерген. Әсіресе көшпенді қазақтарда 3-4 жастарындағы балалардың атқа міну үшін арнайы ер-тұрман жасалатын. Бала жастан қойға мінуден бастап, өсе келе аттың құлағында ойнауға үйренген. Аттың үстінде қару қолдануды үйренгеннен соң, түркі баласы түркі әскерінің қатарына қосылатын. Қытай деректеріне қарағанда б.з.б 62 жылында Ғұн империясының иелігінде 100000 аттың басын

құрайтын әскери жаттығулар өтетін болған [14]. Көне түркілердің жауынгерлік кодексі әскери жаттығу, бұйрыққа бағыну, әмірге мойынсұну, жылдам шешім қабылдау, көрсетілген нысананы дәлдеп ату сияқты ережелерді бетке ұстаған. Тарихи деректерде ең алғашқы әскери жаттығу б.з.б 209 жылында Мөденің қол басшылығында жасалған. Осы жатықтырулар қысқа уақытта жемісін беріп, көне түркілер Еуразия кеңістігінде мықты империя құрады. Қытай деректерінде Орталық Азия бойынша 26 мемлекеттік бірлестік Мөденің қол астына кіріп, Ұлы Ғұн императорлығы пайда болған. Мөденің әскери тәртіп тактикасы бүгінге дейін қытай деректерінде жазулы.

1. Нұрсұлтан Назарбаев. *Тарих толқынында*. Алматы.: Атамұра, 1999. 92 б.
2. W.Eberhard, :*Çin Tarihi, Ankara 1987, s. 23 vd.*
3. Ögel, *İslamiyetten Önce Türk Kültür Tarihi, Ankara 1984, s.21-43*
4. Ahmet Taşağıl “*İslam öncesi Devirde Türk Ordusu/ Türkler ve Askerlik/ İstanbul 2009 s.35*

5. R.Şeşen, *İbn Fazlan Seyahatnamesi, İstanbul 1995, s.34.*
6. Kafesoğlu, s.272
7. *Divanu Lugat'it-Türk, I, s.426,434, III,8; Koca, s.92.*
8. *Shun Chi 110, s.319, a,b,c,d; De Groot, Die Hunnen der Vorchristichen, I, Berlin-Leipzig, s.389*
9. *Divanu Lugat'it-Türk, I, 369, III, s.217.*
10. Koca, s.93
11. Kafesoğlu, s.272
12. B.Ögel, *Türk Kılıcının Menş ve Tekamülü, DTCF, VI,5, 1948, s.431-460*
13. Ögel, *aym yer.*
14. Koca, s.94

\*\*\*

Боевое искусство у тюрков имело свою культурно-антропологическую основу, философию, глубокую духовность, основанную на древнетюркском мировоззрении и традициях. Авторы в статье описывают тактику и стиль, боевой менталитет древних тюрков.

\*\*\*

Military art of Turks had its own cultural-anthropological basis, philosophy, deep spirituality based on the ancient world perception and traditions of Turks. Authors describes in the article tactics and style and military mentality of the ancient Turks.

*Д.Т. Белгібаев*

## АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

Көптеген зерттеушілердің ойынша адамзаттың ақпараттық қоғам кезеңіне өтуі адамзат тарихындағы ең ұлы бетбұрыстардың бірі болды дейді. «Ақпараттық қоғам» концепциясы әр зерттеушілер көзқарасы бойынша әртүрлі нұсқада болды. Атап айтсақ осы «ақпараттық қоғам» түсінігін зерттеген белгілі ғалымдар Р.Айрис, Д.Белл, У.Дайзард, М.Кастельс, Дж. Мартин, Э.Тоффлер т.б ғалымдар түрлі нұсқаларын ұсынды.

Қазіргі таңда коммуникациялық ақпарат ауқымы ғана кең емес, өзінің көлемі, бағыты, мазмұны жағынан да жан-жақты дамыған. Былай дамуы ақпарат көбейгенінен ғана емес, сонымен қатар әртүрлі салалар пайда болуынан қарым-қатынас табиғаты өзгеруі арқылы жан - жақты дамыған. Бүгінде тұлғааралық байланыс техникамен яғни телевидение, интернетпен байланысты, ал ақпараттық ағым бүкіләлемде адам қайда тұрғанына қарамай байланыстыра алады. Осы жерде мәдениет ақпараттық қор ретінде тұр, яғни қоғам қолданар бар ақпараттық ағым мәдениеттің дамуымен байланысты. Бұқаралық үрдістер мәдениет түрімен анықталады, ал коммуникация мәдениет дамуын

бейімдеп, бағыттап отырады. Коммуникация деген сөз латын тілінен аударғанда (лат. «communicare»-біреумен кеңесу) байланыс дегенді білдіреді. Ол «ортақ етемін, байланыстырамын, сөйлесіп-пікірлесемін, қарым-қатынас жолы, бір орынның екінші жақпен байланысы; сөйлесу, ақпарат беру» дегенді білдіреді [3].

Әр мәдени кезеңде өзіне тән бұқаралық жүйе түрі болады. Бүгінде жаңа ақпараттық технология дамуы әлемдік қауымдастықтың өмірлік факторын анықтап береді. Желілік және сандық интеграцияға негізделген бұқаралық жүйесі қазіргі мәдениеттің барлық ауқымына таралып ақпараттық алмасуды қызықты да сапалы ете алады. Бірақ осы үрдістің барлығы қоршаған әлем құрылымын неғұрлым қиында-тып адамзат аралық қатынасты «виртуальды шынайылыққа» сай қалыптастырады. Көптеген елдер өз мәдениетінің базалық негізін жаңашаланған технологиямен біріктіре білді. Атап айтсақ, олар Азия жеріндегі жаңа индустриалды елдер атап айтсақ Жапония, Оңтүстік Корея, Тайвань, Малайзия т.б елдер.

Қоғамның әлеуметтік дамуына, адамзат